

Меруерт Карпыковна Егизбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

**«ISLAMIC CULTURE AND PRE-ISLAMIC BELIEFS IN CENTRAL ASIA»
(Орталық Азиядағы ислам мәдениеті және исламға дейінгі наным-сенімдер)
АТТЫ КІТАПҚА ПІКІР**

Авторлар – Михай Драгня (Mihai Dragnea), Дорина Драгня (Dorina Dragnea), Антонио Алонсо Маркос (Antonio Alonso Marcos).

Бұл еңбек Орталық Азияның мәдениеті мен тарихын халықаралық ғылыми қауымдастыққа, әсіресе, Балқан аумағындағы ғылыми ортаға насихаттауға бағытталған. Ғылыми еңбекте Орталық Азия мемлекеттері халқының діни өмірін терең түсінуге, соның ішінде ислам мәдениеті мен дәстүрлеріне, сондай-ақ исламға дейінгі діни наным-сенімдерге жан-жақты саралауға ұмтылыс жасалған. Сонымен қатар еңбек аймақтағы саяси және әлеуметтік жағдайларға діни факторлардың әсерін талдайды. Авторлардың пікірінше, бұл зерттеу Балқан елдері мен Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстан арасындағы ғылыми және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға серпін береді.

Еңбектің жазылуына 2008 жылдан мақала түрінде басталған зерттеулер негіз болып, осы зерттеулер уақыт өте келе толыққанды ғылыми зерттеу жұмысына айналған. Сондай-ақ, авторлар осы «араб емес» аймақтағы ислам құбылысын тереңірек түсінуге және «бұл фактор мәдениет пен өркениетке қалай әсер етеді» деген мәселеге жауап іздеген. Кітапта авторлар Орталық Азияда ислам басқаша дамығанына, сопылық мектептердің пайда болу тарихына тоқталған және «бұл мектептер неліктен мұнда пайда болды?», «Бұған түркілік көшпенді мәдениеттің ықпалы болды ма?», «Исламға дейінгі наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар қаншалықты дәрежеде исламдық идеологиямен сіңісіп кетті?» деген сұрақтарға жауап беруге тырысқан.

Монография мазмұндық жағынан бір-бірімен өзара байланысты бірнеше үлкен бөлімдерден тұрады. Кіріспеде Орталық Азияның жалпы діни көрінісі мен аймақтағы діндердің таралуы туралы қарастырылған.

Бірінші бөлім кеңестік кезеңдегі діни заңнама, коммунистік атеизм жағдайында ислам дінін бақылау және шектеу тәсілдері (1930-1960 ж.) жайында жан-жақты қарастырады. Мұнда Сталиннің Орталық Азиядағы исламды шектеу саясаты, Хрущевтің дін саясатындағы «босансытуы» сияқты мәселелер талданған. Авторлар кеңестік биліктің исламды қоғамдық өмірден ығыстыруға бағытталған әрекеттерін тарихи деректер негізінде талдай отырып, бұл саясаттың жергілікті діни жағдайға тигізген әсерін көрсетеді. Сонымен қатар тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде «кеңестік өткенді» тарихи саясат аясында қайта түсіндіру мәселесі қозғалып, жаңа егеменді мемлекеттердегі діни бірегейлік пен мемлекеттер арасындағы байланыс сараланады. Кеңестік Қырғызстан мен Өзбекстан мысалында діни бірегейліктің мемлекет ұғымына ықпалы да осы бөлімде талданады.

Екінші бөлім саяси ислам және исламдық әлеуметтік-мәдени реформация мәселелеріне арналған. Мұнда «Хизб ут-Тахрир» қозғалысының 2000 жылдан бергі Орталық Азиядағы қызметі жан-жақты талданып, оның саяси партия, террористік ұйым немесе қоғамдық қозғалыс ретіндегі сипаты туралы әртүрлі ғылыми көзқарастар салыстырылады. Сонымен бірге Орталық Азиядағы исламның қазіргі келбеті джадидизм қозғалысының тарихи мұрасы мен оның бүгінгі жағдайы арқылы қарастырылады. Авторлар неосалафизм құбылысын «жаңа джадидизм» ре-

тінде түсіндіру мүмкіндігін талқылап, бұл ұстанымның даулы тұстарын атап өтеді.

Монографияның келесі бөлімдері исламға дейінгі және ерте ислам дәуіріндегі материалдық мәдениетке арналған. Бұл тарауларда ежелгі діндер мен наным-сенімдердің Орталық Азиядағы ерте мемлекеттердің архитектурасында көрініс табуы археологиялық және тарихи деректер негізінде талданады. Құрбандық үстелдері мен діни орындардың қызметі, сондай-ақ нумизматикалық материалдар арқылы ерте кезеңдегі діни дүниетанымның ерекшеліктері ашып көрсетілген. Бұл бөлім кітаптың деректік және пәнаралық сипатын айқындайтын маңызды бөлігі десе болады.

Киелі орындар мәселелері де еңбекте ерекше орын алады. Самарқандтағы исламдық ғибадатханалар мен қажылыққа барудың 1992-2022 жылдар аралығындағы дамуы қазіргі діни үдерістерге байланыстырыла қарастырылады. Сонымен қатар қасиетті орындардың ролі, сондай-ақ Бұхарадағы «жеті Пір» зиярат орындарының тарихы мен діни маңызы жан-жақты зерттелген. «Жеті пір» зиярат орындарында келушілер исламға дейінгі рәсімдерді жасырын түрде өткізетіні туралы да жазады. Мәселен, адамдар «тілегі орындалады» деген сеніммен осы зиярат орындарына бару кезінде ағаштарға мата немесе орамал байлау туралы және мұндай рәсім тек Орталық Азия мемлекеттерінде ғана емес мысалы, Түркияда да бар екені айтылады. Сондай-ақ авторлар «бұл рәсімдердің бастауы исламға дейінгі өте ерте кезеңдерге жатады» деп қорытындылайды.

Бұл тараулар посткеңестік кезеңдегі діннің жаңғыру құбылысын түсінуге мүмкіндік береді.

Соңғы бөлім тіл және этникалық сәйкестік мәселелеріне арналған. Мұнда діни дискурстағы мифологиялық ұғымдардың семантикалық талдауы қарақалпақ тілі мысалында жүргізіледі. Сонымен қатар, Ирандағы қашқайлар сияқты жартылай көшпелі түркітілдес этникалық топтардың діни сенімдері қарастырылып, тіл, мәдениет және дін арасындағы өзара байланыс талданады. Қашқайларды әзірбайжан халқымен

салыстырып қарастырады. Олардың тілі, фольклоры, кілем тоқу, кесте тігу және әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері өте ұқсас екендігі туралы айта келіп, екі халықтың туыстық негіздері туралы талдайды. Сонымен қатар көптеген қашқайларда ру атаулары қазіргі Әзірбайжанның жер атауларында кездесетінін айтады.

Еңбекте авторлар исламға дейінгі нанымдар мен сенімдер туралы талдай келе, от культінің ерекше орын алатыны айтады. От әртүрлі сенімдерде, оның ішінде зороастризм және шамандық мәдениеттерде табиғаттың қасиетті элементі болып саналатыны, ал, түркі шаманизмі отты тазарту құралы ретінде қолданғаны туралы талдайды. Себебі көшпенді мәдениеттер үшін от – бұл күн және өмір беретін энергия. Кейбір мәдениеттерде от жердегі күннің символы ретінде қарастырылды және оны найзағайдан алады деп сенген.

Еңбектің басты артықшылығы – тақырыптардың кең ауқымда қамтылуы мен дереккөздердің сан алуандығы. Авторлар тарихи, археологиялық, этнографиялық және лингвистикалық материалдарды тиімді пайдалана отырып, Орталық Азиядағы діни үдерістер мен исламға дейінгі наным-сенімдердің сақталуы жайында кешенді түрде талдайды.

Дегенмен, кейбір тарауларда салыстырмалы талдауды тереңдету және жекелеген өңірлерге көбірек назар аудару еңбектің ғылыми салмағын арттыра түсер еді.

Қорытындылай келе, «*Islamic Culture and Pre-Islamic Beliefs in Central Asia*» (Орталық Азиядағы ислам мәдениеті және исламға дейінгі наным-сенімдер) атты бұл монография Орталық Азиядағы ислам мәдениеті мен исламға дейінгі наным-сенімдердің өзара ықпалдастығын зерттеуде маңызды ғылыми еңбек болып табылады. Кітап тарихшыларға, дінтанушыларға, саясаттанушыларға және аймақтық зерттеулермен айналысатын мамандарға, сондай-ақ Орталық Азияның діни және мәдени дамуына қызығушылық танытатын кең оқырман қауымға арналған құнды зерттеу ретінде бағалануға лайық.